**"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 459 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 21 шілдеде № 13952 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 190 (1613) «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында:

«Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» деген 2-тарауда:

«Жоғары оқу орнының (ЖОО) басшысы (ректор)» деген бөлімде:

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, кемінде 5 жыл басшылық лауазымдағы еңбек өтілі болуы».

2. Персоналды басқару қызметі (Ә. Ж. Шоқпаров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Ә.М. Рахымжановка жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Білім және ғылым министрі* *Е. Сағадиев*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасы*

*Денсаулық сақтау және*
*әлеуметтік даму министрі*
*___________ Т. Дүйсенова*
*2016 ж. «__»_____________*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК